

Мүгедектер және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 ақпандағы N 36 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда N 5-16-124 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 наурыздағы N 134 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 28.03.2013 N 134 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13), 14), 14-1) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31-бабының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-2), 5-5) тармақшаларына сәйкес, мүгедектер және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында Тарбағатай ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мүгедектер үшін жұмыс орынының жалпы санының үш проценті мөлшерінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін бір процент мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012.12.27 № 389 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Әзімхановқа жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Текешов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК